

**Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК
№ 1 педагогикалық кеңестің
Х А Т Т А М А С Ы**

Көкшетау қаласы

«29» тамыз 2025 жыл

Қатысқандар: колледж әкімшілігі, оқытушылар мен қызметкерлер құрамы
Қатыспағандар: 1 (Н.Ахат)
Себепті: 1
Себепсіз: -

Күн тәртібінде:

1. Қабылдау комиссиясының мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша атқарылған жұмыс нәтижелерінің есебі;
2. 2025-2026 оқу жылына арналған колледждің кешенді білім бағдарламасын талқылау, бекіту;
3. Колледж оқытушыларының рейтингісі бойынша үздік оқытушыларды марапаттау.

Тыңдалды:

№ 1 педагогикалық кеңесті колледж директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс ашып, күн тәртібімен таныстырып өтті. Педагогикалық кеңесте қарастырылған бірінші мәселе 2025-2026 оқу жылына Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау туралы қабылдау комиссиясының есебін тыңдау үшін алғашқы сөз кезегі қабылдау комиссиясының хатшысы С.Шариповаға берілді. Салтанат Аманжолқызы есебінде 2024-2025 оқу жылында 332 талапкер қабылданғанын айтып, бөлімдер бойынша жеке тоқталды. 9-сынып негізінде Мектепке дейінгі бөліміне – 25, Дене мәдениеті бөліміне – 50, Бастауыш мектеп бөліміне – 53 (50 талапкер мемлекеттік тапсырыс, 2 талапкер «Жарқын болашақ» жобасы негізінде), Музыка бөліміне – 20, Филология бөліміне – 25, Ағылшын бөліміне – 25, Информатика бөліміне – 25 талапкер қабылданғаны айтылды. Барлығы – 223 талапкер 9-сынып негізінде қабылданған. 11-сынып негізінде барлығы 105 талапкер қабылданды (Мектепке дейінгі бөлімде – 15, Логопедия – 15, Бастауыш мектеп – 15, Дене мәдениеті – 15, Филология – 15, Ағылшын – 15, Информатика – 15). Сондай-ақ, талапкерлердің сапалық құрамы бойынша статистикалық мәлімет берді: үздіктер саны – 15, шетел азаматтары – 5, ер балалар саны – 85, қала талапкерлері – 68, ата-ана қамқорлығынсыз қалған талапкерлер – 3, өзге ұлт өкілдері – 5.

Күн тәртібінде қарастырылған екінші мәселе бойынша «2025-2026 оқу жылында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жүзеге асыру» тақырыбымен колледж директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс сөз қозғады. Өзінің баяндамасын Данагүл Нұртайқызы колледж студенттері туралы статистикалық мәліметтерден бастады: 2025-2026 оқу жылында колледждегі студенттердің жалпы саны 1078, оның ішінде 756 қыз бала, 322 ер бала; 1023 студент мемлекеттік тапсырыс негізінде, 45 студент ақылы негізде, 10 студент «Жарқын болашақ» әлеуметтік жобасы бойынша білім алатынын айтты. Сонымен қатар колледждегі оқу процесінде басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық актілерді таныстырып өтті. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022

жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. (ҚР Оқу-ағарту министрінің № 74), Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы; Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығы; Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің № 98). Сөз кезегінде Д.Ілияс 2025-2026 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдарды атады. Сонымен қатар, Білім стандарты мен оқу бағдарламаларына сай педагог мамандар даярлауда 2025-2026 оқу жылындағы оқу үдерісінің ауысымдар мен қоңырау кестесін таныстырды. Сөз қорытындысында педагогикалық ұжымның 2025-2026 оқу жылына арналған ғылыми-педагогикалық тақырыбы «Кәсіптік білім беруде Қазақстандық және әлемдік білім жүйесінің конвергенциясы: сапа, тәжірибе, нәтиже» екендігін атап өтті.

Келесі сөз кезегінде колледж директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары А.Рахым «Тұлғаны әлеуметтендіруге арналған отансүйгіштік, рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік, интеллектуалдық бағыттар бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында баяндама оқыды. А.Рахым «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнымен таныстырып, құндылықтарға негізделген әлеуметтік жобалар мен іс-шараларды атап өтті: «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы», «SMART BALA», ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, алдын алу шаралары. Сонымен қатар, 2025-2026 оқу жылында басты назарға алынатын бағыттарды атап көрсетті:

«Толық адам» тұжырымдамасын оқу-тәрбие процесіне интеграциялау (40%); Білім алушыларға Абайдың «Ыстық қайрат», «Нұрлы ақыл», «Жылы жүрек» тұжырымын дәріптеу арқылы болашақ педагог санасында «МІНСІЗ ҰСТАЗ» ұғымын қалыптастыру.

Үйірме, клубтар мен спорттық секциялар жұмысын одан ары жетілдіру, 2025-2026 оқу жылында «Жігер», «Намыс», «Кезең», «Ұстаз» спартакиадаларында, «Айбын» әскери-патриоттық халықаралық жиынында ең үздік нәтижені көрсету.

«Жансаулық» жаңа Қазақстанға сай рухани-интеллектуалдық, саяси-әлеуметтік тұжырымдамасын жасау.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Оқу-өндірістік практика блогі бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған колледждің кешенді білім бағдарламасын талқылау, бекіту» тақырыбында колледж директорының практика жұмысы бойынша орынбасары Т.Жоламанова сөз кезегін алды. Т.Жоламанова баяндамасында өндірістік және кәсіптік практика блогінің бағыттарын атап, атқарылатын негізгі жұмыстармен таныстырды:

1. Жұмысқа орналастыру және түлектермен байланыс орнату жұмыстары;
2. Студенттермен және практика әдіскерлермен атқаратын жұмыстар;
3. Әлеуметтік серіктестікпен атқаратын жұмыстар;
4. WorldSkills чемпионаты бойынша жұмыстары;
5. Табысты түлектермен атқарылатын жұмыстар;
6. Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстары.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылы түлектерінің грантка түсу көрсеткішімен таныстырды: Шетел тілі мұғалімі – 15 грант, Информатика мұғалімі – 5 грант, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – 2 грант, Музыкалық білім беру – 2 грант, Дене тәрбиесі және спорт – 2 грант, Бастауыш білім беру – 1 грант, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту – 1 грант.

Т.Жоламанова педагогикалық практиканы ұйымдастыру бағытында атқарылатын негізгі жұмыстарды атап өтті: Техникалық мектеп-лицеймен ынтымақтастық

меморандум аясында 9-11-сынып оқушылары арасында Bala Fest фестивалі; Әлеуметтік серіктестіктермен «ӘЕ әдісі негізінде сабақ жоспарын құрудың тиімділіктері» тақырыбында дөңгелек үстел; №18 мектеп-лицейімен бірлесіп «Көркем сөздің көк семсері» тақырыбында көркемөз сайысы.

Тәжірибе жинақтаушылармен атқарылатын жұмыс: «Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу; III курс студенттері арасында «Мамандық және кәсіп» тақырыбында дебат; IV курс студенттері арасында «Болашаққа билет» эссе байқауы, II-III курс студенттері арасында «Ғажайып мамандық» ғылыми жоба; Байқау жеңімпазы «ӘЕ әдісі арқылы» өзінің іс-тәжірибесімен бөлісу; Тәжірибе алмасу мақсатында «Үздік сабақтар» жинағын ұсынып, презентациялау.

Практика әдіскерлерімен атқарылатын қызмет: Кәсіптік практиканың тыныс-тіршілігінен көпшілікті хабардар ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына (республикалық газет-журналдарға) мақала жариялау; практика әдіскерлерінің тәжірибесімен бөлісу мақсатында «Үздік әдіскер» байқауы; Студенттердің кәсіптік практикадан жинақтаған тәжірибесімен бөлісу, практика кезінде кездескен қиындықтарды шешу жолдарын қарастыру мақсатында әр кәсіптік практикадан кейін конференциялар өткізу.

Келесі сөз кезегінде директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Б.Батанасова «Колледждегі ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмысты ұйымдастыру алгоритмдері» туралы баяндады. Баяндамада колледж педагогтеріне ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша білім беру мен ғылыми зерттеулердегі жаңа әдістерді жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, зерттеушілік құзыреттіліктерін өздігінен дамытудың кәсіби ортасын құру мақсатын айқындап берді. Сонымен қатар, ғылыми-әдістемелік қызметті қолдау және жетілдіру бойынша басшылыққа алынатын нормативтік құжаттама тізімін таныстырып өтті. «Кәсіптік білім беруде қазақстандық және әлемдік білім жүйесінің конвергенциясы: сапа, тәжірибе, нәтиже» тақырыбы аясында колледждің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын қысқаша таныстырып, негізгі бағыттарын атап көрсетті. Сөз қорытындысында педагогикалық ұжымға колледж оқытушысының ғылыми-әдістемелік әлеуетінің моделін таныстырып, құрылымы мен мақсаттарын айқындап берді.

Педагогикалық кеңестің қорытындысында Т.Жоламанова, А.Мендыбаева, Т.Сағындық, Е.Ерғали, А.Рахым, Е.Шакенов, Л.Искакова, М.Сатиева Ақмола облысының Білім басқармасы басшысының Алғыс хаттарымен марапатталды. Сондай-ақ, 2024-2025 оқу жылындағы колледж оқытушыларының рейтингісі бойынша үздік оқытушылар – Г.Серкешбаева, Б.Бегалин, Б.Секенова, Т.Қайыржан, Б.Батанасова, Ә.Сабырова колледж директорының Алғыс хаттарымен марапатталып, қаржылай сыйақыға ие болды.

Педагогикалық кеңес соңында колледж директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары Д.Ілияс қаулы оқыды.

ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдары басшылыққа алынсын.

Жауапты: Д.Ілияс
А.Рахым, Т.Жоламанова,
Б.Батанасова, әдіскерлер, бөлім
менгерушілері

2. 2025-2026 оқу жылында студенттердің білім деңгейлерін жетілдіру, білім мазмұнын сапалы және терең меңгерту, студенттерге бағытталған білім беруді дамыту, ғылыми деңгейін жетілдіру мақсатында оқытушылардың оқу-жұмыс бағдарламаларына, оқу-

әдістемелік кешендеріне Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Жауапты: Д.Ілияс,
Т.Жоламанова, Б.Батанасова,
әдіскерлер, кафедра жетекшілері

3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына және «Педагог» кәсіби стандартына сай, жалпы адамзаттық игі қасиеттер, ұлттық құндылықтар мен «Толық адам» тұжырымдамасына негізделген оқу-тәрбие, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық практика бағыттары бойынша жұмыстар сапалы іске асырылсын.

Жауапты: Д.Ілияс
А.Рахым, Т.Жоламанова,
Б.Батанасова, әдіскерлер, бөлім
менгерушілері, кафедра
жетекшілері

4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен «Толық адам» тұжырымдамасына негізделіп топ жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарлары сапалы дайындалып 10 қыркүйекке дейін бекітуге ұсынылсын.

Жауапты:
А.Рахым, А.Мендыбаева
топ жетекшілер, тәрбиешілер

5. 2024-2025 оқу жылында ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту жұмыстары және студенттерді әлеуметтендіруде барлық бағыттағы тәрбие жұмыстарының бүгінгі заман талабына сай формаларын іске асыру топ жетекшілеріне міндеттелсін.

Жауапты: А.Рахым, А.Қайырбай,
топ жетекшілері

6. Студенттердің әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыруда, рухани-интеллектуалды қабілетін анықтап шығармашылыққа тарту жұмыстары үйірме жетекшілеріне тапсырылсын. Үйірме, клубтар мен спорттық секциялардың жұмыс жоспарлары 8 қыркүйекке дейін бекітуге ұсынылсын.

Жауапты: А.Рахым
үйірме жетекшілері

7. Студенттер үйінде тұру ережесінің сақталуын қадағалау мақсатында топ жетекшілеріне аптасына 1 рет, бөлім менгерушілеріне айына 1 рет Студенттер үйін тексеру міндеттелсін. Әр айдың соңында аналитикалық талдау жасалсын.

Жауапты: А.Рахым,
Бөлім менгерушілері,
топ жетекшілері

8. Кәсіптік практика бағыты бойынша тың жобалар жүзеге асырылып, практика жұмысын жаңа деңгейге көтеру жолдары қарастырылсын

Жауапты: Т.Жоламанова
А.Мендыбаева

9. Практика әдіскерлері оқу-жұмыс жоспарларын жүйелеп, оқу-өндірістік практика сапасын арттыру мәселесі қаралып, дұрыс жолға қойылсын

Жауапты: Т.Жоламанова
А.Мендыбаева,
практика әдіскерлері

10. Мектеп, балабақша, спорт мектептерінің басшылығымен, әдіскерлерімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатылып, жүйелі жұмыс атқарылсын

Жауапты: Т.Жоламанова
А.Мендыбаева

11. 2024-2025 оқу жылында бітірген түлектердің жұмысқа орналасу жағдайы қадағалауға алынып, үнемі бақылауда болсын

Жауапты: Т.Жоламанова
А.Мендыбаева

12. Педагогикалық ұжымның ғылыми-педагогикалық әлеуетін көтеру алгоритмдері нақтыланып, жетілдірілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
Ә.Сабырова

13. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетіліп, кеңестер берілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
Ә.Сабырова

14. Педагогтерді аттестаттау кезінде ескерілетін колледжішілік және басқа деңгейдегі конкурстардың, іс-шаралардың жаңартылған тізбесі «Ұстаз» платформасына енгізілуі үшін білім басқармасына жіберілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
Ә.Сабырова

15. Колледж оқытушыларының рейтингісінде төмен нәтиже көрсеткен оқытушылар үшін арнайы жоспар жасалып, кәсіби деңгейінің мониторингі жасалсын.

Жауапты: Б.Батанасова
Ә.Сабырова

16. Қазақстан тарихы пәні бойынша облыстық және республикалық пәндік олимпиадаларын ұйымдастырып өткізу жоспарлануына байланысты арнайы жұмыс тобын құрылып, олимпиада ережесі жасалып бекітуге ұсынылсын.

Жауапты: А.Смаилова
Ж.Өтепбай

17. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша студенттер арасында республикалық педагогикалық олимпиадасының ережесін дайындалып №514 бұйрыққа енгізу және олимпиаданы өткізу республикалық оқу-әдістемелік бірлестікке жүктелсін.

Жауапты: А.Смаилова
Ж.Өтепбай

Колледж директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары



(қолы)

Ілияс Данагүл Нұртайқызы

(қолы)

Сапабекова Диана Оралқызы